

**Индер ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 36 "Халықтың нысаналы топтарына арналған жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 шілдедегі № 150 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаменті Индер ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 10 тамызда № 4-6-103 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 қазандағы қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 16.10.2012 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 3), 13), 14) тармақшаларына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5, 7 баптарына, Атырау облысы әкімдігінің 2009 жылғы 26 мамырдағы № 137 "Халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Индер ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 36 "Халықтың нысаналы топтарына арналған жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдері мемлекеттік тіркеудің тізіміне № 4-6-96 тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

Халықтың мақсатты топтарынан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың тізіміне "ИндерГаз" және "Индер-Келбет" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә. Балахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Аудан әкімі*

*Ж. Рахметқалиев*

Келісілді:

"ИндерГаз" ЖШС-нің директоры:

А. Құсайынов

26 шілде

2010 жыл.

"Индер-Келбет" ЖШС-нің директоры:

Б. Измағамбетов

26 шілде 2010 жыл

Аудан әкімдігінің

2010 жылғы 27 шілде

№ 150 қаулысымен бекітілген

**Халықтың мақсатты топтарынан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың тізімі**

1. "ИндерГаз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
2. "Индер-Келбет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК